

СЫН ПІКІР

Дипломдық жобаға

Нуралиева Нигара Нуралиевна

5B080500-Су ресурстары және суды пайдалану

Тақырыбы: «Алматы облысындағы Шеңгелді ауылын сумен
жабдықтау»

Орындалды:

- а) графикалық бөлім - 5 парақ
- б) түсініктеме- 34 бет

ЖОБА ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазіргі кезде әлемде көптеген әр түрлі сумен жабдықтау жүйелері жобаланып, салынуда әрі қолданылуда. Сумен жабдықтау жүйелері барлық ортада мүмкін болған мекенжайларды суды таза су көзінен алып, оны тазалып, тұтынушыларға жеткізу кешені құрайды. Адам баласы суды күнделікті өмірінде яғни, тұрмыс – тіршілігіне пайдаланып қолданады, әрі қарапайым егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы сонымен қатар өнеркәсіп орындарында басқаға қарағанда соғұрлым көп қолданады. Бірақта, қазіргі кезде ең бастысы ол мәселенің біріне айналып отырған – су тапшылығы екен. Сол үшін бізге суды үнемдеу арқылы, оны тиімді пайдаланудың жолдары әрі жаңа әдістерінде қарастыру керек.

ЖОБАНЫ БАҒАЛАУ

Дипломдық жобаны «91%» бағалаймын және Нуралиева Н.Н. 5B080500 мамандығы бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ»
«СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ»
«СУ РЕСУРСТАРЫ» ФАКУЛЬТЕТІ

Сын-пікір беруші
а.ш.ғыл.канд., каум.проф.

Набиоллина М.С.
«24» 05 2022ж.

**ЖЕТЕКШІНІҢ
ПІКІРІ**

Дипломдық жобаға

Нуралиева Нигара Нуралиевна

5B080500-Су ресурстары және суды пайдалану

Тақырыбы: «Алматы облысындағы Шеңгелді ауылын сумен жабдықтау»

Дипломдық жұмыста, студентке қойылған мақсат: Алматы облысындағы Шеңгелді ауылын сумен жабдықтау болып табылады. Елді - мекеннің табиғаты, климаттық, гидрологиялық және гидрогеологиялық жағдайы қаралған. Ауылдың сумен жабдыкталуы қазіргі жағдайға байланысты талданып және оны дұрыс жүргізу жолдары айқындалды.:

Автор сумен жабдықтаудың өзектілігін айқындап көрсете білді. Сумен жабдықтаудың технологиясын орындау барысында су құбыры торабының гидравликалық есебі, елді мекеннің өрт сөндіруге керекті суының шығыны, су құбыры торабының құрылыс құны, су арынды мұнараның және су өткізгіштің есебі, сорап станциясының жұмыс режимі, реагентті шаруашылық ғимараттары мен қондырғыларының есебі, тазалау ғимаратының су өнімділігі, эксплуатациялық шығындар есептелді. Сонымен қатар дипломдық жобаның мақсатын орындау барысында Шеңгелді ауылының бас жоспары жобаланды. Бас жоспар бойынша су алу ғимаратының құрылымы, таза су резервуары, сақинаның монтаждық сұлбасы, арын мұнарасы, құбыр салудың технологиялық картасы жобаланды. Дипломдық жобаны толығымен уақытында орындай алды.

Нуралиева Нигара "Алматы облысындағы Шеңгелді ауылын сумен жабдықтау" тақырыбындағы дипломдық жобасы ҚазҰТЗУ университетінің дипломдық жобаға қойылатын талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы Су ресурстары және суды пайдалану бағыты бойынша бакалавр біліктілігін алуға лайық.

Жетекші

техн. ғыл. канд. қауым. проф.

 **Халхабай Б.**

«24» 05 2022ж.

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагияттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Нигара Н

Тақырыбы: Алматы облысы Шеңгелді ауылын сумен жабдықтау.

Жетекшісі: Бостандық Халхабай

1-ұқсастық коэффициенті (30): 0.1

2-ұқсастық коэффициенті (5): 0

Дәйексөз (35): 0

Әріптерді ауыстыру: 2

Аралықтар: 10

Шағын кеңістіктер: 2

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☒ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні 24.02.2022г

Кафедра меңгерушісі

Ахметова
[подпись]

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Нигара Н

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Алматы облысы Шеңгелді ауылын сумен жабдықтау.

Научный руководитель: Бостандык Халхабай

Коэффициент Подобия 1: 0.1

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 2

Знаки из здругих алфавитов: 2

Интервалы: 10

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата 24.05.2022 г

проверяющий эксперт

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Нигара Н

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Алматы облысы Шеңгелді ауылын сумен жабдықтау.

Научный руководитель: Бостандык Халхабай

Коэффициент Подобия 1: 0.1

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 2

Знаки из здругих алфавитов: 2

Интервалы: 10

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата

24.04.2022

Заведующий кафедрой

Ашимов К.
Жан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К.Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Нуралиева Нигара Нуралиевна

Алматы облысындағы Шеңгелді ауылын сумен жабдықтау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»


Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К.Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд.,қауым.проф.
 Алимова К.К.
«10» 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Алматы облысындағы Шеңгелді ауылын сумен жабдықтау»


Мамандығы 5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

Орындаған




Нуралиева Н.Н.

Пікір беруші


А.И. Б. К. Қауым. проф.
 А.С. Абнзарова
«24» 05 2022 ж.

Жетекші

техн.ғыл.канд.,қауым.проф.
 Халхабай Б.
«15» 05 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Т.К.Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

БЕКІТЕМІН

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

 Алимова К.К.
«24» _____ 01 _____ 2022 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға
ТАПСЫРМА**


Білім алушы Нуралиева Нигара Нуралиевна
Тақырыбы: «Алматы облысындағы Шеңгелді ауылын сумен жабдықтау»
Университет басшылығының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489-П/Ө
бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2022 жылғы «30» сәуір
Дипломдық жобаның бастапқы берілістері:
Нысанның орналасқан орны: Алматы облысындағы Шеңгелді ауылы
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі
а) Технологиялық бөлім
б) Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы
в) Экономикалық бөлім
Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)
1) елді мекеннің бас жоспары; 2) сақинаның монтаждық сұлбасы; 3) су
тазарту станциясының биіктік схемасы; 4) таза су резервуары; 5)
құрылыстық жұмыстардың технологиялық картасы
Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлім	15.03.22ж.-13.04.22ж.	орондалады
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	13.04.22ж.-29.04.22ж.	орондалады
Экономикалық бөлім	29.04.22ж.-08.05.22ж.	орондалады

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	Б.Халхабай техн.ғыл.канд.,қауым.проф.	29.04.22	
Экономикалық бөлім	Б.Халхабай техн.ғыл.канд.,қауым.проф.	08.05.22	
Норма бақылаушы	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд.,қауым.проф.	12.05.22	

Жетекші

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

Күні



Халхабай Б.



Нуралиева Н.Н.

«24» 01

2022 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобаның негізгі мақсаты – Алматы облысындағы Шеңгелді ауылын сумен жабдықтау болып табылады. Елді - мекеннің табиғаты, климаттық, гидрологиялық және гидрогеологиялық жағдайы қаралған. Ауылдың сумен жабдыкталуы қазіргі жағдайға байланысты талданып және оны дұрыс жүргізу жолдары айқындалды.

Технологиялық – құрылыстық мәселелері, құрылыс жобаларына керек технологиялар мен машиналары алынған. Жер қазу жұмыстарына керекті көрсеткіштердің барлығы есепке алынған.

Экономикалық бөлімінде қажетті құрылғылар мен алынуы керек станциялардың барлығы қазіргі бағаға сәйкес кірісі мен шығысы бағаланған. Өзіндік құны бойынша барлық элементтер есептік талдаудан өтті.

АННОТАЦИЯ

Основной целью дипломного проекта является водоснабжение села Шенгельды, Алматинской области. Рассмотрены природа, климатические, гидрологические и гидрогеологические условия населенного пункта. В связи с сложившейся ситуацией было проанализировано водоснабжение села и определены пути его правильного проведения.

Получены технологически-строительные вопросы, технологии и машины, необходимые для строительных проектов. Все необходимые показатели для земляных работ учтены.

В экономическом разделе все необходимые устройства и станции оценивались по входам и выходам в соответствии с текущей ценой. По себестоимости все элементы прошли расчетный анализ.

ABSTRACT

The main goal of the diploma project is the water supply of the village of Shengeldy, Almaty region. The nature, climatic, hydrological and hydrogeological conditions of the settlement are considered. In connection with the current situation, the water supply of the village was analyzed and the ways of its proper implementation were determined.

Technological and construction issues, technologies and machines necessary for construction projects have been obtained. All the necessary indicators for earthworks are taken into account.

In the economic section, all necessary devices and stations were evaluated by inputs and outputs in accordance with the current price. At cost price, all elements have passed the calculation analysis.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1. Технологиялық бөлім	8
1.1 Елді мекеннің қысқаша сипаттамасы	8
1.1.1 Беріген нысанды сумен жабдықтау реті	8
1.2 Судың есептік шығынын анықтау	9
1.2.1 Өнеркәсіп қажеттіліктері мен су себерге жұмсалатын судың шығындарын анықтау	12
1.2.2 Елді мекеннің өрт сөндіру үшін қажетті су шығыны	14
1.3 Судың құбыр торабын гидравликалық есептеу	15
1.4 Су алу ғимараты	16
1.4.1 Су алу ғимаратын құрылымдау	16
1.4.2 Су алу ғимаратының гидравликалық есебі	18
1.5 Сорап станциясының жұмыс істеу режимін есептеу	19
1.5.1 Сораптың түрлерін таңдау	19
1.6 Су тазалау ғимараттары	20
1.6.1 Реагентті шаруашылық ғимараттары мен қондырғыларының есебі	20
1.6.2 Тазалау ғимаратында су өнімділікті есептеу	23
1.7 Таза судың резервуар бойынша есебі	23
1.8 Санитарлық қорғау аймағы	24
2 Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	26
2.1 Өндірістің атқарылатын жұмыс көлемін анықтау	27
2.2 Негізгі құрылысқа машиналарын таңдау	28
2.3 Судың құбыр құрылымдарының талаптары	30
3 Экономикалық бөлім	32
3.1 Су құбыры торабының құрылыс құнын анықтау	32
3.2 Эксплуатациялық шығындар есебі	33
ҚОРЫТЫНДЫ	35
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	36
ҚОСЫМША	37

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде әлемде көптеген әр түрлі сумен жабдықтау жүйелері жобаланып, салынуда әрі қолданылуда. Сумен жабдықтау жүйелері барлық ортада мүмкін болған мекенжайларды суды таза су көзінен алып, оны тазалып, тұтынушыларға жеткізу кешені құрайды. Адам баласы суды күнделікті өмірінде яғни, тұрмыс – тіршілігіне пайдаланып қолданады, әрі қарапайым егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы сонымен қатар өнеркәсіп орындарында басқаға қарағанда соғұрлым көп қолданады. Бірақта, қазіргі кезде ең бастысы ол мәселенің біріне айналып отырған – су тапшылығы екен. Сол үшінде бізге суды үнемдеу арқылы, оны тиімді пайдаланудың жолдары әрі жаңа әдістерінде қарастыру керек.

Кез келген мекенжайды немесе өнеркәсіптің кәсіпорындарын орталықтандарылған арқылы сумен жабдықтайтын жүйесі жер бетінде болмаса жер астындағы көздері арқылы суды алып, сосын оны бірден тазалап әрі өңдеп алып суды тұтынушыларға уақытында керекті мөлшерімен жеткізіп беруді қамтамасыз етіп жіберу қажет. Осындай белгілі әрі маңызды мақсаттармен сумен жабдықтайтын жүйелерге суды қабылдайтын ғимараттар, ал суды арын көмегімен тазартатын ғимараттарға, жинағыш резервуарлар және суды тұтынатындарға жеткізе алатын сорғыш станциялары, суды тазартатын ғимараттар әрі сол суды сақтап және оны реттеу үшін өзіне арналған арнайы резервуарлар және арынды суға арналған мұнаралары, суды үлестіріп сосын тұтыну аймағына жеткізу үшін арналған суды өткізуші құбырлары мен үлестіретін тораптар да кіреді.

Сумен жабдықтайтын жүйелерді төмендегі белгілер арқылы жіктейді:

- 1) Қызмет жасайтын нысанның түріне байланысты жіктелуі: тұрғын аумақты сумен қамтамасыз ететін жүйесі, өндіріс орнын сумен қамтамасыз ету жүйелері, ауылдық шаруашылық аумағын сумен қамтамасыз ететін жүйесі;
- 2) Белгілеу түріне қарай жіктелуі: шаруашылық пен ауыз суы жүйесі, өндіріске байланысты жүйелер мен өрттен сақтау жүйесі;
- 3) Бір жүйенің көмегімен бірқатар нысандарды бірден қамтамасыз ете алсақ топталған болмаса аудандық деп жүйелерді құрады;
- 4) Қолданатын табиғи судың көздері түріне қарай жіктелуі: жердің бетіндегі судың көздерінен суды қабылдайтын жүйесі және жердің астындағы суға бейімделген жүйесі мен аралас қоректену жүйесі;
- 5) Судың жеткізілуіне арнайы тәсілмен байланысты жіктелуі: өзінен өзі ағу арқылы судың құбыры болатын жүйелері мен суды механиканың көмегімен сорғышты пайдалану арқылы жіберетін және аймақ жүйелері.

Өндіріс орнын сумен қамтамасыз ететін жүйені суды қолданатын түрлеріне қарай үш түрлі болып жіктелуі: тіке ағызу арқылы болатын жүйелер мен бір ізді болған жүйе әрі айналма жүйелері.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Елді мекеннің қысқаша сипаттамасы

Шеңгелді ауылы – Алматы облысындағы Қапшағай қаласына қарайтын ауыл болып табылады. Бұл ауылымыз Қапшағай қаласына негізінен солтүстік-шығысына қарай отыз бір км дейінгі жерінде орналасқан, негізінде Қапшағай қаласының су қоймасындағы солтүстік жағында орналасқан. Жердің жалпы көлемі екі жүз сексен гектар аумақты құрайды.

Осы облыстың аумағында географиялық орнының сонымен бірге, сол жер бедеріндегі сипаттарына байланысты қуаң болып, яғни ашық сарғыштау континенті климаты қалыптасқан. Әрі бұл жерде күндізде және түнде сондай-ақ, қыстағы мен жаздағы температурасы өздігінен тездетіп ауысып отырады. Ал жаз айларында ұзаққа яғни бес ай шамасында созылуы мүмкін. Бірақ қыс айларында жылы болады: өте салқын айы қаңтарда орташа температуралары минус тоғыз градус. Өте суық кезеңде минус жиырма бес градуста байқалады. Жазда ыстық болып, шілде айында орташа температуралары отыз градусты құрайды. Ал қатты ыстық кезеңде плюс қырық жеті градуста байқалған. Жап-жасыл өсімдіктер мен гүлдердің өсіп-өнуіндегі кезеңдері үш жүз жиырма тәулік аралығында созылуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, жылдық жауын-шашынның мөлшерінің жүз жетпіс мм, ал таудағы етектеріндегі бойында шамамен төрт жүз елу мм құрайды. Ал жауын-шашын негізінде көктем айларында және күзде жауады. Қардың жамылғысында негізінде орташа қалыңдығын қырық см арасында, жазық бойында екі айға, ал тау етегінде небәрі төрт ай аралығында жатады.

1.1.1 Берілген нысанды сумен жабдықтау реті

Елді мекен сумен жабдықтау жүйесі жер астымен жүргізілетін құбырлар арқылы жүзеге асырылады. Құбырлар қазіргі талаптарға сай шойын, болат материалдарынан жасалған. Сонымен қатар құбырлар диаметрлеріне сәйкес ысырмалар орналастырылады.

Берілген елді мекенді сумен жабдықтау мақсатында су табиғи су көздерінен алынып, оны зарарсыздандырып тұрғындарға жеткізіп беріледі. Ол үшін бізге төмендегідей ғимараттар қажет болады:

- суды табиғи су көздерінен қабылдайтын ғимарат;
- белгілі қысыммен тиісті жерлерге жеткізіп беретін сорғы станциялары;
- судың сапасын жақсартып, тазалайтын ғимараттар;
- су тарататын құбырлар;
- су реттеуіш сыйымдылықтар.

1.2 Судың есептік шығынын анықтау

Сумен жабдықтау нысанын жобалау кезінде, ең біріншіден берілген сол нысанға тікелей келетін судың реті әрі мөлшері және құрамы жағынан сапасында анықтап алу керек. Сонымен бірге, әрбір қаланың суды тұтынудағы бүкіл түрлерін арнайы үш топқа кіргізеді:

- шаруашлық-ауыз судың қажеттіктеріне жарататын судың шығын;
- өнеркәсіптегі мекеме орындардың, көліктің сонымен бірге, энергетикалық салалардың өндіру қажеттіктеріне жұмсайтын суға шығыны;
- өртті сөндіру үшін жұмсалатын судың шығындар.

Тұрғындардың ауыз судың қажеттіліктеріне жарату су шығынында табуымыз үшін осы берілген аймақта тұрақтайтын адамдардың сандарын бір тұтынушыларға кететін судың тұтынуды мөлшерлері бойынша табылады. Шаруашлық ауыз суды есептік орташа тәуліктік шығындарын төменде берілген формула көмегімен анықталынады:

$$Q_{\text{тәу.орт}} = \frac{N \cdot q}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәу}. \quad (1.1)$$

мұндағы N — нысандағы тұрғындар саны, адам. Шеңгелді ауылындағы тұрғындар саны 2021 жылдың халық санағы бойынша алынды $N=10175$ адам;
 q — меншікті суды тұтыну, абаттандырудың дәрежесіне байланысты ҚР ҚН 4.01.03-2013 сәйкестендіре алынады, $q = 180$ л/тәу.

$$Q_{\text{тәу.орт}} = \frac{10175 \cdot 180}{1000} = 1831,5 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Тәулігі бойынша төменгі әрі жоғары суды тұтыну үшін есептік шығынын төменде жазылған формулалар арқылы анықталады:

$$Q_{\text{тәу.жоғ}} = Q_{\text{тәу.орт}} \cdot K_{\text{тәу.жоғ}}, \text{ м}^3/\text{тәу}. \quad (1.2)$$

$$Q_{\text{тәу.төм}} = Q_{\text{тәу.орт}} \cdot K_{\text{тәу.төм}}, \text{ м}^3/\text{тәу}. \quad (1.3)$$

мұндағы $Q_{\text{тәу.жоғ}}$ — тәуліктік жоғары тұрақсыздық коэффициенті;

$Q_{\text{тәу.төм}}$ — тәуліктік төменгі тұрақсыздық коэффициенті.

$K_{\text{тәу.жоғ}}=1,1-1,3$; $K_{\text{тәу.төм}}=0,7-0,9$ суды тұтынудағы тәулік бойынша біркелкісіздік коэффициенті ҚР ҚН 4.01.03-2013 сәйкестендіре қабылданады. $K_{\text{тәу.жоғ}}=1,3$; $K_{\text{тәу.төм}}=0,9$.

$$Q_{\text{тәу.жоғ}} = 1831,5 \cdot 1,3 = 2381 \text{ м}^3/\text{тәу},$$

$$Q_{\text{тәу.төм}} = 1831,5 \cdot 0,9 = 1648 \text{ м}^3/\text{тәу},$$

Таңдалған нысанымыз бойынша қосымша шығындар үшін арнайы монша, балабақша, мектеп, емхана мен әкімшілік ғимараттары да жатады.

Моншаның жұмыс істеуіне керекті судың шығынын, м³/тәу табылады:

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{монша}} = \frac{q_0 \cdot N \cdot T}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәу.}, \quad (1.4)$$

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{монша}} = \frac{180 \cdot 100 \cdot 16}{1000} = 288 \text{ м}^3/\text{тәу.}$$

мұндағы q_0 – моншаға бір рет келетін су тұтынудың мөлшері, 180 л;

T – моншадағы жұмыс істеу уақыты, сағат;

N – моншаға келетін адамдар саны, адам.

Балабақша үшін керекті судың шығыны, м³/тәу табылады:

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{балабақша}} = \frac{q_0 \cdot N \cdot T}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәу.}, \quad (1.5)$$

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{балабақша}} = \frac{75 \cdot 500 \cdot 12}{1000} = 450 \text{ м}^3/\text{тәу.}$$

мұндағы q_0 – балабақшаның бір бала үшін суды тұтыну мөлшері, 75 л;

T – балабақшадағы жұмыстың уақыты, сағат;

N – балабақшадағы балалар саны, адам.

Мектепке керекті судың шығыны, м³/тәу анықталады:

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{мектеп}} = \frac{q_0 \cdot N \cdot T}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәу.}, \quad (1.6)$$

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{мектеп}} = \frac{20 \cdot 3250 \cdot 16}{1000} = 1040 \text{ м}^3/\text{тәу.}$$

мұндағы q_0 – мектептің бір оқушысы үшін суды тұтыну мөлшері, 20 л;

T – мектептегі жұмыс істеу уақыты, сағат;

N – мектеп оқушылар саны, адам.

Емхана үшін керекті су шығыны, м³/тәу анықтаймыз:

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{емхана}} = \frac{q_0 \cdot N \cdot T}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәу.}, \quad (1.7)$$

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{емхана}} = \frac{13 \cdot 50 \cdot 24}{1000} = 15,6 \text{ м}^3/\text{тәу.}$$

мұндағы q_0 – емханаға келетін бір емделуші үшін судың тұтыну мөлшері, 13 л;

T – емхананың жұмыс істеу уақыты, сағат;

N – емханаға келушілердің саны, адам.

Берілген нысандағы мал шаруашлығында сол аумақтың тұтынатын судың шығыны, м³/тәу табамыз:

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{сиыр фермасы}} = \frac{q_0 \cdot N}{1000} \text{ м}^3/\text{тәу.}, \quad (1.8)$$

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{сиыр фермасы}} = \frac{70 \cdot 800}{1000} = 56 \text{ м}^3/\text{тәу.}$$

мұндағы q_0 – сиыр фермасындағы бір сиырға шығындалатын судың көлемі, 70 л;

N – фермадағы сиырлардың саны, бас.

Берілген елді мекендердегі судың жүйелерін жобалаған кезде, судың шығындалуын көрсететін кестені:

$$Q_{\text{жоғ}} = K_{\text{жоғ}} \cdot Q_{\text{орт.тәу}}, \text{ м}^3/\text{тәу.}, \quad (1.9)$$

$$Q_{\text{жоғ}} = 1,2 \cdot 1831,5 = 2197,8 \text{ м}^3/\text{тәу.}$$

Сол мекенжайлар үшін арнайы ауа райы мен тұрмыстық жағдайлары сонымен бірге, өнеркәсіп саласының өсуіндегі дәрежесі жағынан біріне бірі ұқсайтын әрі бұрын сумен жабдықталып қойған жүйелері бар қаланың суларды пайдалану мен қолдану режимдерінің ақпарттары негізінде табуға болады. Қаладағы тұрғындар үшін жоғары сағаттық пен төменгі сағаттық шығындарын табудың формуласы:

$$Q_{\text{төм}} = K_{\text{төм}} \cdot Q_{\text{орт.тәу}}, \text{ м}^3/\text{тәу.}, \quad (1.10)$$

$$Q_{\text{төм}} = 0,8 \cdot 1831,5 = 1465,2 \text{ м}^3/\text{тәу.},$$

мұндағы $K_{\text{жоғ}}$ мен $K_{\text{төм}}$ – тәулік бойынша сағаттық біркелкісіз коэффициенттер.

Біркелкісіз коэффициенттердің мәнін келесі формуламен анықталады:

$$K_{\text{жоғ}} = \alpha_{\text{жоғ}} \cdot \beta_{\text{жоғ}}, \quad (1.11)$$

$$K_{\text{төм}} = \alpha_{\text{төм}} \cdot \beta_{\text{төм}}, \quad (1.12)$$

мұндағы α – тұрғын үйлерінің сантехникалық жабдықтау дәрежелеріне, берілген мекеме орындарының жұмыс істеу кестелеріне байланысты сонымен қатар, басқа да жергілікті жағдаларына байланысты тәуелді коэффициент;

β – берілген нысандағы тұрғындардың сандарын есепке алатын коэффициент.

Сумен жабдықтайтын жүйелердің жұмыстағы тәжірибесі негізінде ҚР ҚН 4.01.03-2013 ұсынысымен бойынша $\alpha_{\text{жог}}=1,2-1,4$, $\alpha_{\text{төм}}=0,4-0,6$ аралықтарында алынады. β коэффициентінің мәндерін (1 кесте бойынша) аламыз $\beta_{\text{жог}}=1,4$, $\beta_{\text{төм}}=0,6$.

$$K_{\text{жог}}=1,4 \cdot 1,31=1,83,$$

$$K_{\text{төм}}=0,6 \cdot 0,45=0,27,$$

$$Q_{\text{жог}}=1,2 \cdot 1831,5=2197,8 \text{ м}^3/\text{тәу.},$$

$$Q_{\text{төм}}=0,8 \cdot 1831,5=1465,2 \text{ м}^3/\text{тәу.}$$

Есептік секундтық шығындарын келесідей формуламен табамыз:

$$q_{\text{сек.жог}}=K_{\text{сағ.жог}} \cdot \frac{Q_{\text{тәу.жог}}}{86400}, \text{ л/с}, \quad (1.13)$$

$$q_{\text{сек.төм}}=K_{\text{сағ.төм}} \cdot \frac{Q_{\text{тәу.төм}}}{86400}, \text{ л/с}, \quad (1.14)$$

$$q_{\text{сек.жог}}=1,83 \cdot \frac{2380,95}{86400}=0,05 \text{ л/с},$$

$$q_{\text{сек.төм}}=0,27 \cdot \frac{1648,35}{86400}=0,005 \text{ л/с}.$$

1.2.1 Өнеркәсіп қажеттіліктері мен су себерге жұмсалатын судың шығындарын анықтау

Өнеркәсіптегі қажеттіліктерге кететін судың шығындарын арнайы технологиялық барысында қабылданған көлемдеріне байланысты жұмсалады. Өнеркәсіптің тұтынушылары судың сапасына қарай сан түрлі талаптар қойылады. Өнеркәсіптегі орындардың технологиялық қажеттіліктерге жұмсалатын судың шығындарын өндірістегі тәуліктік шығатын өнімдердің мөлшерлеріне қарай соған байланысты болады. Әр өнімдерге жұмсалатын шығындарды керекті нұсқауларға байланысты қабылдаймыз. Барлық жұмысшыларға жұмсалатын шаруашлық ауыз судың шығынын және олардың өндірістегі болуына байланысты уақыттарына қарай табамыз: әрбір жұмысшыларға ауысымдағы ыстық цехта қырық бес литр болса, ал салқын цехта жиырма бес литр. Әр жұмысшының денесіндегі санитарлық талаптарына байланысты таза болуы үшін су себерге жұмсалатын судың шығындарын анықтайды.

Әр ауысым бойынша барлық жұмысшылардың шаруашлық ауыз суға қажеттілігіне жұмсалатын судың шығынын келесі формула бойынша табамыз:

$$Q_c = \frac{q_c \cdot n_c}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәу}, \quad (1.15)$$

$$Q_{\text{ы}} = \frac{q_{\text{ы}} \cdot n_{\text{ы}}}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәу}, \quad (1.16)$$

мұндағы $q_c=25$ л және $q_{\text{ы}}=45$ л - әр ауысымдағы ыстық пен суық цехтағы жұмыс атқаратын жұмысшылардың суды тұтынудағы мөлшері;

$N_c, N_{\text{ы}}$ – суық және ыстық цехтардағы жұмысшылардың саны.

Ал есептеулердің нәтижелеріне қарасақ:

$$Q_c = \frac{25 \cdot 32}{1000} = 0,8 \text{ м}^3/\text{тәу},$$

$$Q_{\text{ы}} = \frac{45 \cdot 45}{1000} = 1,8 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Су себерге кететін су шығындары ауысым аяқталғаннан кейін қырық бес мин есептелінеді:

$$Q_{\text{сусебер}} = \frac{0,375 \cdot n_{\text{сб}}}{a}, \text{ м}^3/\text{тәу}, \quad (1.17)$$

мұндағы $n_{\text{сб}}$ – су себер қолданатын жұмысшылар саны;

a – 1 су себер торына кететін адам саны.

$$Q_{\text{сусебер}} = \frac{0,375 \cdot 32}{6} = 2 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Есептеу нәтижелері келесі А.2 кестеде көрсетілген.

Елді мекеннің жерін суаруға кететін шығындар. Абаттандыруға қатысты су жұмсалатын бір тәулікте қанша рет, қанша уақыт яғни, қанша сағат шығын болатынын мекенжай, нысанның ауа райына байланысты және басқада жағдайларына қатысты қаланың басшыларымен келісіп, белгілеген дұрыс. Сонымен бірге, жоғарыда айтылғаныдай, себу жұмысын арнайы машиналарымен немесе ауланы тазартушылардың көмегі арқылы іске асуы мүмкін. Әдетте абаттандыру арқылы судың шығынының елу пайызы арнайы машинаның көмегімен себіледі. Қалалардағы суландыру мен себу және оларды жуу жұмыстарын суды өте аз мөлшерде шығындалатын мезетте жүргізілуі тиімді.

Алаңдар мен көшелерді себу үшін керекті суларды пайдалану әрі қолдану тәртіптерін осылайша жоспарлауға да болады: алпыс пайызы таңертеңгі мен кешкі уақыттарда, ал отыз немесе қырық пайыздары күндізгі

мезетте жұмсалғаны дұрыс; әрі жапжасыл алқаптарын суландырған кезде, сексен пайызы таңертең болса, ал қалғаны күндізгі мезетте жұмсаллуы мүмкін.

Газондар мен көшелерді, гүл алқаптары, алаңдары сонымен қатар, басқа да жасыл алқаптарының суаруға керекті шығындарын төменде берілген формуламен табамыз:

$$Q_{\text{суар}} = F_{\text{суар}} \cdot q_{\text{суар}} \cdot 10, \text{ м}^3/\text{тәу}, \quad (1.18)$$

мұндағы $F_{\text{суар}}$ – суғару ауданы, құрылыстың алаңынан бес пайызы алынады, га;

$q_{\text{суар}}$ – машинамен суаратын мөлшері.

$$Q_{\text{суар}} = 30400 \cdot 0,15 \cdot 10 = 45,6 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

1.2.2 Елді мекеннің өрт сөндіру үшін қажетті су шығыны.

Өртті сөндіру үшін жұмсалатын су көлемі берілген нысанның өртке қатысты категорияларына байланысты, өрттің таралатын аймақтарына, суларды жіберетін техникаларын тиімді пайдалануына әрі қолдануына байланысты болады. Жобаланатын нысанның өртке қатысты қауіптіліктік дәрежелері жоғары болған сайын оларды сөндіру үшін де сол сулардың көп көлемдері керек болады. Ал соған байланысты судың көптеген көлемін жіберу үшін арнайы суға арналған құбырларын салуға материалдар мен құралдар көп қажет етеді. Сондықтан өртті сөндіру үшін керекті судың шығындары сол аймақтардың өрттің болу қауіптілігіне байланысты болады.

Суды арнайы өртке қарсы ең негізгі құралдарының негізі болып келеді. Қаладағы өртті сөндіру үшін өте керекті суларды беру әрі ең қарапайым саналатын шаруашлық – ауыз су мәселесінің жүйесімен іске асады. Барлық қалаларда өртті сөндіру үшін керекті сулардың есептік шығындары мен елді мекеннің өлшемдері, тұрғындардың есептік сандары, құрылыстардың өртке қарсылығында, құрылыстардың тығыздығы және сипаттамасы әрі бірдей мезетте болатын өрттердің сандарына байланысты алынады:

$$Q_{\text{өрт}} = Q_{\text{сыр}} + Q_{\text{іш}} \text{ л/с} \quad (1.20)$$

мұндағы $Q_{\text{ішк}}$ – ішкі өртті сөндіру үшін судың шығыны;

$Q_{\text{сыр}}$ – сыртқы өртті сөндіру үшін судың шығыны.

Аймақтың өрт сөндіруге қажетті су шығыны, л/с

$$Q_{\text{сыр}} = n \cdot q_{\text{өрт}}, \text{ л/с}, \quad (1.21)$$

$$Q_{\text{сыр}} = 2 \cdot 15 = 30 \text{ л/с},$$

мұндағы n – бір уақыттағы өрттің саны, $n=2$;

$q_{\text{өрт}}$ – бір өртті сөндіру үшін жұмсалатын судың шығыны,
 $q_{\text{өрт}}=15$.

$$Q_{\text{сыр}} = 30 \cdot 3,6 = 108 \text{ м}^3/\text{сағ.},$$

$$Q_{\text{өрт}} = 108 + 27 = 135 \text{ л/с}.$$

1.3 Судың құбыр торабын гидравликалық есептеу

Берілген елді мекеніміздің шаруашлық ауыз суының шығындары және жап-жасыл алқаптарды суландырып сонымен бірге, көшелерді суару үшін жұмсалатын суының шығындарының қосындыларын судың құбырындағы бөлігінің бүкіл ұзындықтарының қосындыларына қатынасы арқылы меншікті шығынын $q_{\text{м.ш}}$, л/с анықталады:

$$q_{\text{м.ш}} = \frac{q_{\text{max}}}{\sum l} = \frac{50,54}{2219} = 0,0227, \text{ л/с}, \quad (1.22)$$

мұндағы q_{max} – берілген нысанға керекті секундтық максималды судың шығыны, л/с;

$\sum l$ – судың құбыр тораптарының бүкіл бөліктерінің ұзындықтар қосындысы.

Анықталған меншікті шығындарын біле отырып, әрбір есептерін бөліктерінен алынатын жол жөнекей судың шығынын $q_{\text{ж-ж}}$, л/с табуға болады:

$$q_{\text{ж-ж}} = q_{\text{м.ш}} \cdot l, \text{ л/с} \quad (1.23)$$

мұндағы l – әрбір бөліктің ұзындығы, м;

$q_{\text{м.ш}}$ – меншікті шығыны, л/с;

$q_{\text{ж-ж}}$ – жол жөнекей шығындар, л/с.

Барлық судың тораптарының әрбірінің түйіндерінде орталықтанған шығындары, сол бөліктерге келетін жол жөнекей шығындарының жартсына тең болады:

$$q_{\text{түйін}} = 0,5 \cdot \sum q_{\text{ж-ж}}, \quad (1.24)$$

мұндағы $q_{\text{ж-ж}}$ – жол жөнекей шығыны, л/с;

$q_{\text{түйін}}$ – түйіндер шығыны, л/с.

Алайда әрбір түйіндерінің өздеріне ғана тиесілі орталықтанған шығындары болған соң, жалпы әрбір түйіннің шығындары $q_{\text{түйін}}$, л/с төмендегідей формула арқылы табуға болады.

$$q_{\text{түйін}} = q_{\text{орт}} + 0,5 \cdot \sum q_{\text{ж-ж}}, \quad (1.25)$$

мұндағы $q_{\text{ж-ж}}$ – жол жөнекей шығыны, л/с;

$q_{\text{түйін}}$ – түйіндік шығыны, л/с;

$q_{\text{орт}}$ – орталықтанған шығындары, л/с.

1.4 Су алу ғимараты

Аталған жобада сумен жабдықтау кезіндегі ең жоғарғы көзі – өзен, ал оның оң жақ жағалауында суды алу ғимараты жобаланады. Су алу ғимараты өзеннен алынатын суға бөгет қойып, сосын оны тазарту және оны тұтынушыға жеткізу үшін қызмет ету болып табылатын ерекше құрылыс кешені болып саналады.

Су алу ғимаратын орнататын жерді таңдау кезінде келесідей жағдайларды ескеру керек. Біріншіден, су алу ғимараты өте төзімді әрі қуатты да сенімді болуы керек, яғни оны тасқын су, сел бұзып кетпесі үшін ойланып іске асыру керек және сонымен қатар, өзеннің гидрологиялық тәртібін біле отырып, келесідей мәселелерді ескеруіміз керек:

- Екі жақты су деңгейі биіктігінің өзгеруін;
- Су деңгейі және судың шығынының байланысын;
- Шығындардың орташа тәуліктік өзгеруін;
- Өзендегі су деңгейінің ең төменгі мөлшерден ең жоғарғы мөлшерге дейін өзгеруін.

Тапсырма бойынша су қабылдау құрылымының су өткізу қабілеттілігі 1,3 м³/сек. Керекті етілетін су шығынын өзендегі ең аз мөлшердегі су шығыны арқылы табамыз, су қоймасына суды реттегіш қажет етілмейді. Су алу ғимаратының геологиялық құрылыс алаңы екі қатпардан құм және құм аралас қиыршық тастан тұрады.

1.4.1 Су алу ғимаратын құрылымдау

Су алу ғимаратының құрылымы: бөгет есептелген су шығын көздері мен оны тұтынушыларға жеткізу, сумен жабдықтау жүйесін, оған түсетін әртүрлі қалдықтардан және т.б. қорғауды қамтамасыз етеді.

Ең негізгі жауапты жұмыс су қабылдау орнының орналасқан жерін таңдау болып табылады және ол келесі талаптарды қанағаттандыруы қажет:

- а) таза суды қабылдауды мүмкіндігінше қамтамасыз ету;
- б) тұтынушыға неғұрлым жақынырақ орналасу;

в) қажет етілетін сапалы таза ауыз судың үзіліссіз берілуіне кепілдік беру. Су қабылдау орны өзен суының ағысына тасталатын лас сулардан, сонымен қатар жыралары бар жерлерден жоғары орналасуы қажет. Сумен жабдықтау жүйесінің орналасқан жері санитарлық бақылау органымен міндетті түрде келісілуі керек.

Жобада темірбетонды баулығы және жағалық құдықтары бар арналық бөгет және бөлек орналасқан I көтеру сорап бекетін қолданамыз. Жобада сонымен қатар майда шабақ балықтар бөгетке түспеу үшін балықтарды қорғау қондырғысын қарастырамыз.

Су алу ғимаратының кешендік құрамына келесі құрылымдар кіреді:

а) басқы, торлы қондырғылармен және балықтан қорғау торлары;

б) басынан бастап жағалау құдығына дейін өздігінен ағатын судың ағу жолы;

в) басынан бастап су өздігінен ағып су қабылдағышқа құйылады, сондықтан оларды өзеннің төменгі деңгейінде орналастырады. Су қабылдағыш камералы сораптар соратын су өткізгіштермен жалғанған.

Бірінші көтеру сорап бекеті. Ваккуметриялық қондырғылар, дренажды сорап, қолдан жасалған ұйық және т.б негізгі тағайындалған сораптармен жабдықталады.

Телемеханикалық қондырғы және құрылғы су алудың жұмысын автоматты түрде толық және жартылай басқару үшін қызмет етеді.

Бір сорап тоқтап қалған кезде арынды жоғалтпау үшін құбыр тораптары кері қақпақтармен, сонымен қатар гидравликалық соққылардан қорғау үшін сақтандырғыш қақпақтармен жабдықталған.

Баулық. Арнайы құрылымдық баулықты қабылдаймыз. Құрғақ аңғарлы және еңіс өзендерде дөңгелек пішінді бетонды суқабылдағыш құрылғыларды қабылдайды. Кіргізу саңылаулары балық қорғау торларымен жабылады.

Суды өздігінен кері ағызу құбырлары мен басқа торларды қарастырамыз. Өздігінен ағатын су құбырларының ішкі беті мен темірқұрылғыны биологиялық қалдықтар мен бүлінуден қорғау мақсатында арнайы бояулармен сырлауды қолданамыз.

Су қабылдағыш құдықтар. Суды механикалық тазарту үшін – темірбетонды-дөңгелек монолитті, екі секциялы айналмалы торларды қабылдаймыз.

Құдықта торды, баулықты жуу үшін импульстік жүйе орнатылған, сонымен қатар құдықты тұнбалардан тазарту үшін инжекторлы қондырғы орналастырылған. Торды беру үшін арнайы құрал, қондырғыны құрастыру және бөлшектеу, тиекті басқару шүмегі, кері ағызу жүйесін қосу, су деңгейін өлшеуге арналған аппараттары сияқты қондырғылар құдық астында орнатылған.

1.4.2 Су алу ғимаратының гидравликалық есебі

Екі жұмыс жағдайын орындаймыз:

а) қалыпты жұмыс үшін - ғимараттағы барлық жұмыс бөлімдерінің толыққанды жұмыс істеуі кезінде;

б) төтенше жағдай үшін – бір жұмыс бөлімі істен шыққан, ал барлық жұмыс шығыны қалған бөлімдерге ауысқан жағдайда.

Ғимараттағы бір бөлімнің қалыпты жұмыс істеу жағдайындағы су шығынын ($\text{м}^3/\text{сек}$) есептеу келесі формуламен анықталады:

$$Q_p = \frac{Q_b}{n} = \frac{1,4}{2} = 0,7 \text{ м}^3/\text{с} . \quad (1.26)$$

мұндағы n – ғимараттағы бөлімнің саны.

Төтенше жағдайдағы ғимараттың су шығынын есептеу:

$$Q_p = K \frac{Q_b}{n-1} = 0,7 \cdot \frac{1,4}{2-1} = 0,98 \text{ м}^3/\text{с}. \quad (1.27)$$

мұндағы K – төтенше жағдайлар кезіндегі қалыпты су.

Су қабылдағыш саңылаудың ауданын келесі формуламен есептейміз:

$$\lambda = \frac{Q_p}{\vartheta_B} \cdot K_{\text{ст}} \cdot K_3 , \quad (1.28)$$

мұндағы Q_p – есептелген су шығыны, $\text{м}^3/\text{с}$;

ϑ_B – $0,2 \text{ м}/\text{сек}$ –балықты қорғау қондырғысының жағдайы:

$$\lambda = \frac{0,7}{0,2} = 3,5 \text{ м}^2 , \quad (1.29)$$

мұндағы $K_{\text{ст}}$ – тор білігі арқылы суды қабылдау тесігінің толуын ескерген коэффициент және оны келесі формуламен анықтаймыз:

$$K_{\text{ст}} = \frac{a+d}{a} = \frac{40+10}{40} = 1,25 . \quad (1.30)$$

мұндағы a – біліктердің арақашықтығы;

d –біліктің қалыңдығы $d=10 \text{ мм}$;

K_3 – біліктің қоқыспен ластануын ескеру коэффициенті, $K_3=1,25$.

$$\lambda = 3,5 \cdot 1,25 \cdot 1,25 = 5,4 \text{ м}^2 .$$

$2 \times 2000 \times 2000$ өлшемдегі типтік түрдегі торды таңдаймыз.

1.5 Сорап станциясының жұмыс істеу режимін есептеу

Алдымен, бірінші сатыдағы сораптың станциясына тәулік бойына жұмыс істеу режимін тұрақты деп аламыз:

$$Q_{\text{сағ}}^{\text{с.с 1}} = \frac{Q_{\text{макс.тәу}}}{24} = \frac{2380,95}{24} = 99,21 \text{ м}^3/\text{сағ}. \quad (1.33)$$

мұндағы $Q_{\text{макс}}$ — нысанымыздың тәуліктік максималды суға катысты шығыны, $\text{м}^3/\text{тәу}$;

$Q^{\text{сс1}}$ — сорап станциясына арналған бірінші сатыдағы сағат бойынша судың шығыны, $\text{м}^3/\text{сағ}$.

Екінші сатысындағы сораптар станциясына арнайы суларды берудің графиктері елді мекеніндегі суды тұтынудағы мәнмен бірдей болу керек. Ал суды тұтынатын графиктеріне талдау жүргізген кезінде екінші сатысындағы сораптар станциясындағы жұмыс істеуді үш есептік ретіндегі режимдерін қабылдаймыз.

Ал бір ғана сораптың суды берудегі мөлшерін $Q_{\text{сағ.сop}}$, $\text{м}^3/\text{сағ}$ төмендегідей формула көмегімен анықтаймыз:

$$Q_{\text{сағ.сop}} = \frac{Q_{\text{тәу}}^{\text{max}}}{\sum(n_i \cdot t_i)}, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.34)$$

мұндағы n_i — жұмыс істейтін сораптар саны;

t_i — аталған сораптың тәулік бойынша жұмыс істеу сағаты.

$$Q_{\text{сағ.сop}} = \frac{99,21}{\sum(1 \cdot 7 + 2 \cdot 13 + 3 \cdot 4)} = 2,20 \text{ м}^3/\text{сағ}$$

1.5.1 Сораптың түрлерін таңдау

Су арынды мұнараның параметрлерін біле отырып, сораптардың арынын анықтауға болады. Сорап бекеті таза суды резервуардан алады. Бекеттің деңгейі $Z_{\text{бекет}}=90$ м белгісінде болып және әрқайсысының ұзындығы $l=700$ м болатын екі су өткізгіш арқылы су арынды мұнараға жеткізеді. Сораптың суды ең көп тұтынуының тәуліктік шығыны тоғыз пайызын құрайды, ол $1,2 \text{ м}^3/\text{сағ}$.

Ф.А.Шевелевтің кестесі бойынша су өткізгіштердегі су тегеуріннің жоғалуын енгіземіз:

$$h_c = \frac{i}{1000 \cdot l} = \frac{2,44}{1000 \cdot 700} = 1,35 \text{ м}. \quad (1.35)$$

Сораптың қажетті арыны:

$$H_c = (Z_6 - Z_{6ек}) + (H_6 + h_6) + h_B, \quad (1.36)$$

Бос бак кезінде $h_6=0$.

$$H_c = (90 - 89,2) + 28 + 1,35 = 30,15 \approx 31 \text{ м.} \quad (1.37)$$

Бактың тола кезінде $h_6=7,3$

$$H_c = (90 - 89,2) + (33 + 7,3) + 1,35 = 42,45 \approx 43 \text{ м.}$$

Осылай сорап агрегаттары отыз бір мен қырық үш метр аралығында қамтамасыз етуі керек. Аталған талаптарға негізінен Д-630 маркалы қисық ең қолайлы сораптар жауап бере алады.

1.6 Су тазалау ғимараттары

1.6.1 Реагентті шаруашылық ғимараттары мен қондырғыларының есебі

Коагулянт мөлшерін анықтау: Коагулянт ретінде күкірт қышқылын $AL_2(SO_4)_3 - 18 H_2O$ аламыз. Лай суды өңдеу барысында коагулянт мөлшерін ҚР ҚН 4.01-02-2013 анықтаймыз. 45 мг/л тең. Түстілігі бойынша:

$$D = 4\sqrt{Ц}. \quad (1.38)$$

мұндағы Ц – өңделген судың түстілігі, платина-кобальтты шкаладағы градус бойынша.

$$D = 4\sqrt{45} = 4 \cdot 6,7 = 26,8 \text{ мг/л.}$$

Аталған екі мөлшерден көп мөлшерді тандаймыз. $D_k=45 \text{ мг/л}$

$$Q_T = \frac{Q_{пайд} \cdot D_k}{1000 \cdot P_c}, \quad (1.39)$$

мұндағы Q – суды тазарту бекетінің пайдалы өнімділігі;

D_k – коагулянт мөлшері, $D_k=45 \text{ мг/л}$;

P_c – коагулянттағы сусыз өнімнің құрамы, $P_c=33\%$.

$$Q_T = \frac{323,5 \cdot 45}{1000 \cdot 33} = 0,44 \text{ т.}$$

Сілтілі суға қажетті әк тас пен сода мөлшерін келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$D_{\text{әк}} = K_{\text{әк}} \cdot \left(\frac{D_k}{L_k} - \text{Щ}_0 \right) + 1, \quad (1.40)$$

мұндағы $K_{\text{әк}}$ – әк тасқа арналған тең коэффициент (CaO)=28;

$D_{\text{әк}}$ – реагентті сілтілік судың мөлшері, мг/л;

D_k – сусыз коагулянттың мөлшері;

L_k – коагулянттың эквивалентті салмағы (сусыз), мг/л – экв $\text{Al}_2(\text{SO}_4)_3$ -57 үшін қабылдаймыз;

Щ_0 – ең төменге арналған сілтілік, мг.экв/л табиғи су үшін негізінен корбанатты қаттылыққа тең - 2,4;

1 – сілтілік қоры, мгэкв/л.

Ерітіндіге арналған бактың сыйымдылығы м^3 , коагулянтқа арналған қажетті концентрацияны келесі формуламен анықтаймыз.

$$D_{\text{әк}} = 28 \cdot \left(\frac{45}{57} - 2,4 \right) + 1 = 17,09, \text{ әк тастың қажеті жоқ.}$$

$$W_p = \frac{D_k \cdot \Pi \cdot Q}{1000 \cdot v_1 \cdot \gamma}, \quad (1.41)$$

мұндағы D_k – коагулянт мөлшері, 45 мг/л;

Π – $10 \div 12$ г;

$Q=323,5 \text{ м}^3/\text{тәу}$;

v_1 – коагулянт ерітіндісінің концентрациясы, 4-10%, $v_1=10\%$.

